

## **Б.СОҚПАҚБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МІНЕЗ БЕН ЖАҒДАЙ МӘСЕЛЕСІ**

*Боранбаева Балнұр Боранбайқызы  
Магистрант-ізденуші, Шымкент университеті  
Жақсылық Айгерім Ержанқызы  
ОҚМПУ, 125-87 тобының студенті*

Көркем шығармадағы мінез бен жағдай арасындағы байланыс әдеби туындыны талдап, тану үшін аса маңызды. Ұлттық әдебиетіміздің белгілі бір кезеңіндегі жеке жазушы шығармасын қарастырғанда, әдебиеттер арасындағы қарым-қатынастарды зерттегенде, олардағы мінез бен жағдайдың байланысуының түрлеріне ерекше назар аударылу қажеттілігі айтылып жүр. Ғылыми еңбектерге көз салсақ, мінез бен жағдайдың бірлігі мен өзара қарым-қатынасы көптеген зерттеулерге негіз болғандығын көруімізге болады. Солардың ішінен 1950-80 жылдары жазылған А.Карагановтың, В.Фащенконың, Е.Горбунованың және т.б. еңбектері назар аударарлық. Мәселен, А.Караганов «Характеры и обстоятельства» (1959) деген еңбегінде: «...обстоятельства, вызывающие человека на действие, сказываются на его характере не только тем, что помогают его раскрытию, но и тем, что двигают развитие характера: обнаруживают скрытые потенции, умножают силы или, напротив, *выявляют* ранее не замеченную и не раскрытую несостоятельность человека» [1,189] деген пікір айтады. Б.Соқпақбаевтың балаларға арналған повестеріндегі характер табиғаты туралы айтқанда, аталған ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынды. Кейіпкер болмысын танытудағы жағдайлардың маңызын жазушы шығармаларын талдау барысында көз жеткіземіз. Көркем туындылардағы жағдайлар бірін-бірі қайталамайтын сан алуан болса, мінездердің де жасалуы әр шығармада әр түрлі. Сондықтан да жазушы повестерінен де мінез бен жағдай байланысының әр түрлі типін байқаймыз. Жазушының ғана емес, қазақ әдебиетінің де атын көбірек шығарған туынды — «Менің атым Қожа» [1960] екені баршамызға белгілі. Бұл повесть жарық көрген түс, яғни 1956 жылдардан кейінгі уақыт әдебиеттегі жаңғыру кезеңі(С.Қирабаев) болатын. Партияның XX съезі /1956/

әдебиетке жаңаша көзқараспен қарауға негіз болды. Саяси ұрандар мен науқандардан әдебиет біршама алшақтады. Әдебиет төл мәселесі – адам жанының нәзік иірімдеріне көңіл бөліп, адамды әсемдікке, ізгілікке тәрбиелеуді мақсатына айналдыра бастады. Міне, осы кезеңде бойындағы табиғи болмыс-бітімімен, өзіндік қарама-қайшылықтарымен әдеби аренаға шыға келген Қожа тәрізді бейнені көргенде әдеби қауымның тосылып қалуы түсінікті еді. Повесть орыс, украин, өзбек, молдаван, литван, латыш тілдерінде аударылып, қазақтың сүйкімді де сотқар баласы дүние жүзін аралап кете барды. Француз тілінде де жарық көрді. Талантты режиссер Абдолла Қарсақбаевтың повесть бойынша түсірілген кинокартинасы 1967 жылы Францияның Канн қаласында өткізілген балалар мен жасөспірімдер көркем фильмдерінің дүниежүзілік фестиваліне қатысып, жүлделі орынға ие болды. Бұл – творчество бақыты. Көркем бейненің кілең ұнамды сипаттардан тұрмайтынын, өмірдің өзі сияқты оның да табиғаты күрделі екенін көрсететін, әрқилы сәттерде сынап-талдап, оның да өзіндік бітім-болмысы бар адам екенін кестелеген – Б.Соқпақбаевтың аталмыш повесі. Қожа өмірден үйренеді, қате басады, сабақ алады. Образ диалектикасы дегеніміз осы. Қожа мінезінің даралануына септігін тигізгені – жазушының түрлі ұтымды, психологиялық ситуацияларды молынан пайдалануы. Шығармадағы шырғалаң оқиғалар мен жағдайлар Қожа характерінің алуан сырлы психологиялық күйін ашады.

Әдебиеттанушы-ғалым Е.Горбунованың: «В истинном искусстве внешние обстоятельства жизни героев не остаются и не могут оставаться фоном нейтральной средой. Они непременно побуждают характер к действию, являясь источником его внутренней коллизии» [2,45] деп жазғанындай, шығармадағы бейнеленген жағдайлар мінездің ішкі тартысын көрсетеді. Шығармадағы басты кейіпкер — 13 жасар Қожа. Ол оқуға зерек, жолдас-жораға адал, еті тірі, әже мен ананың қолында өскен ерке, жұрт көзіне ерсі, бұзақы болып көрінеді, енді бірде ақын-жазушы болам деп алдына биік мақсат қояды. Сонымен қатар, «қиын бала». Қожа жолап кеткен жердің бәрі у-шу, үлкен әңгіме. Ол жүрген жердің бәрі тынымсыз қозғалыс, шешімі табылмаған

сұрақтар... Оның өмірге көзқарасы, сөздері мен іс-әрекеттері, арманшылдығы жеткіншектер психологиясына сай. Бала психологиясын жан-жақты пайымдап, терең сезіну, сол арқылы образдың жан сырын ашу – Б.Соқпақбаев талантының, қабілет-қарымының ерекше бір көрінісі. Қожа мінезінде, оның істерінде, балалық қылығында ешқандай жасандылық жоқ. Табиғи қалпында, әркімнің балалық шағы есіне түсерліктей суреттелген. «Менің атым Қожа» повесінің ерекшелігі, табыс көзі жазушының бала психологиясын, жан сарайын шынайы бейнелеуінде деп айтуға толық негіз бар. Ұлы жазушы М.Әуезовтің: «...Орыс жазушыларынан анық сүйетінім: Л.Н.Толстой, Ф.М.Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң, жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» [3,129] деген пікірі бар. Б.Соқпақбаев та өз шығармасында адам болмысының қатпар-қатпар қалтарыстарына үңіле біліп, прозада психологизмді алдыңғы орынға шығарады. Ол үшін қаламгер психологиялық талдау тәсілдерін молынан пайдаланады. Ал, көркемдік тәсілдің қай-қайсысы да кейіпкер табиғатын ашу, сол арқылы шығарманың идеялық-көркемдік салмағын арттыру мақсатында қолданылады. Повестегі кейіпкерлердің психологиясын талдау, іс-әрекеттері, монолог тәсілі арқылы да жүзеге асып жатады. Суреткердің тандаулы туындысында көркемдік құралдар-дың ішінде монологтың қызметі ерекше. Қаламгер өзі сомдаған кейіпкерінің сезім құбылыстарын суреттейтін психологиялық мезеттерде ішкі монологты пайдаланады. Бас кейіпкер Қожаның жан-дүниесі, ой-толғаныстары, көңіл-күйі, характер сыры осы тәсіл арқылы кеңінен ашыла түседі. Автор Қожаны іштей сөйлетеді, ойландырады, күйіндіреді, куантады. Шығарманың алғашқы тарауында-ақ мектеп оқушысы Қожа Қадыров мұраты мен ой-толғаныстары-мен оқырманды таныстырады. Сөз арнасы қаһарманның жан-дүниесіне бастайтын серпінді әсер сезімдерге бай. Қожа арман қанатына мініп, қиял жетегіне ереді, тұңғыық ойға батады. Повестің сыршыл-лирикалық монолог түрі оқушыны да өз тарапынан ойлануға жетелейді. Мәселен, әкеге деген бала сағынышы түгелмес көңіл көрінісі. «Еһ, шіркін, дүние-ай, десеңші! «Әке» деген сөзді айтқанда, жүрегім қарс

айрыла жаздайды-ау. Қандай жақын, қандай ыстық... ол майданға аттанғанда мен екі жастамын. Екі жасар ақымақ не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзал әкем мол кетті, оралмады... Еһ, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер-әлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар» [4,13]- деп тебіренеді Қожа. Жазушы әке қадірін осылай арманшыл баланың ішкі сыры арқылы әдемі айтып өтеді. Қожа монологтары шынайы, мөлдір тазалығымен, көтеріңкі әуенімен оқырманды еріксіз қызықтырады. Ақыл-ой, білім-парасат жағынан қатардағы жолдастарының қайсысынан болсын еңсесі биік Қожаның аңсайтыны да, асығатыны да ертеңгі болашағы. Ол сол үшін өмір сүріп, үздіксіз қимыл-әрекетте, қозғалыста жүреді. Шығарманың бас кейіпкері арқылы берілген жылы сезімдер, арманды толғаныстар ойға шомдырып, үміт дүниесінде серпілістер жасауға бет бұрғызады. Шығарма күші осында. Шығарма кейіпкерінің бойында таза қазақ баласына тән ұлттық психология аясындағы қасиеттер бар. Сонымен қатар, оның мінезіндегі, ой-қиялындағы түрлі қасиет, көріністер барлық ұлт балаларында да кездесетіні сөзсіз. Сондықтан «Менің атым Қожа» әлемнің қай түкпіріндегі балаға болса да түсінікті, әрі қызғылықты. Қаламгердің таңдап алған жағдайлары кейіпкердің бойын билеген сезімінің тереңдігін, тазалығын ашып көрсететін әрекет пен қимылдарға итермелейді. Сөз болып отырған повестегі бас қаһарманның әрбір іс-әрекеті сендіреді, ол көріністер жағдайға мен мінезге орай келіп отырады. Кейіпкердің адамгершілік қасиеттері, адалдығы, пәктігі нанымды ашылады. Жазушы кейіпкерді түрлі сынға салып, күрделі бала мінезінің қалыптасуын дамыта көрсеткен. Егер адам мінезі өзінің диалектикалық қайшылығымен, шындығымен көрінуге тиіс десек, Қожа тұлғасы нақ осы талапқа жауап береді.

#### *Әдебиеттер:*

1. Дәстүр және жаңашылдық -Алматы: Қазақ ССР-інің Ғылым баспасы, 1980. - 179 б.
2. Е.Горбунова. Идеи. Конфликты. Характеры - Москва: Советский писатель, 1960. -45 с.
3. М.Әуезов. Анкетаға жауап //Жұлдыз, 1991. № 10, -129 б.
4. Б.Соқпақбаев. Менің атым Қожа. -Астана: Елорда, 1999. - 379 б.